

Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 10 желтоқсан N 3600. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 12 Заңымен (өзгеріс 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді)

1-бап. Қазақстан Республикасының Президентіне Конституцияның негізінде және соған сәйкес жаңадан сайланатын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі бірінші сессиясының жұмысы басталғанға дейінгі мерзімге заң күші бар құжаттар шығару құқығы берілсін.

Бұл құжаттар Қазақстан Республикасының тиісті заңдары қабылданғанға дейін қолданыла береді деп белгіленсін.

2-бап. Қазақстан Республикасының Президентіне жаңадан сайланатын Жоғарғы Кеңес бірінші сессиясының жұмысы басталғанға дейінгі мерзімге және кейін сол сессия бекітетіндей етіп қажет болған жағдайда Жоғарғы Кеңестің Қазақстан Республикасы Конституциясы 64-бабының 12-15, 18 және 20-тармақтарында көзделген өкілеттігін жүзеге асыру құқығы берілсін.

3-бап. Қазақстан Республикасының Президентіне жаңадан сайланатын Жоғарғы Кеңес бірінші сессиясының жұмысы басталғанға дейінгі мерзімге Конституцияның 78-бабының 3, 7 және 16-тармақтарында көзделген өкілеттікті дербес жүзеге асыру құқығы берілсін.

4-бап. Қазақстан Республикасының Президентіне 1994 жылдың 1-тоқсанын ерекше бөле отырып 1-жартыжылдыққа арналған аванстық республикалық бюджетті бекіту, кейін оны жаңадан сайланатын Жоғарғы Кеңес бірінші сессиясының қарауына тапсыру құқығы берілсін.

5-бап. Жергілікті әкімдерге 1994 жылдың 1-тоқсанын ерекше бөле отырып 1-жартыжылдыққа арналған тиісті әкімшілік-аумақтық бөліктердің аванстық бюджеттерін бекіту, кейін оларды жаңадан сайланатын тиісті жергілікті өкілді органдардың қарауына тапсыру құқығы берілсін.

6-бап. Облыстың әкімдеріне қазіргі бар ауылдық, селолық Кеңестер шегінде өзіне бірнеше елді мекендерді қамтитын ауылдық (селолық) округтар құру құқығы берілсін.

Осы Заң жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК